

**«Көкібел» жалпы білім беретін мектебі
коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Хаттама №4**

Көкібел ауылы

28.03.2024ж.

IV отырыс. Әдістемелік кеңес өткізілді.

Қатысқан:

Қатыспаған:

Күн тәртібінде:

1. Оқушылардың білімдеріндегі олқылықтарды жою жұмыстарының жүргізілуі туралы.
Хабарламашы: Е.Алтаев
2. «Оқуға құштар мектеп» жаңа жобасының мектеп кітапханасында іске асырылуы туралы. Хабарламашы: Қ.Ахаев
3. «BilimClass» жүйесі. Электронды журнал, электронды күнделік, құжаттардың жүргізілуі
Хабарламашы: Е.Алтаев
4. Оқу кабинеттерінің талапқа сай жүргізілуі. Хабарламашы: Е.Алтаев
5. Арнайы жабдықталған химия, физика, информатика кабинеттеріндегі сарамандық жұмыстардың орындалу дәрежесі. Хабарламашы: Е.Алтаев
6. Мектепте пәндерді оқытуда оқытуда цифрлық платформаларды пайдалану.
Хабарламашы: Е.Алтаев.
7. Үлгерімі төмен оқушылармен жүргізілген жұмыстардың барысы, қорытындысы
Хабарламашы: Е.Алтаев.
8. Отбасындағы қарым-қатынастың бала психологиясына әсері. Хабарламашы: Н.Сулейменов

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Е.Алтаев хабарлама жасады.

- ✓ Мектептегі 1-11 сыныпқа білім сапасы бойынша барлық оқушылар пән мұғалімдері қолға алуды қажет етеді. Атап өтті.

2-мәселе бойынша мектеп директорының бейіндік орынбасары Қ.Ахаев хабарлама жасады.

- ✓ 1-11 сыныптағы оқушылар білімге құштар мектеп жобасын іске асырылуы. Газеттермен журналдар кітаптар алып білімдерін жоғарлатады.

3-мәселе бойынша мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Е.Алтаев хабарлама жасады.

- ✓ Пән мұғалімдерінің «BilimClass» электрондық журналын тиісті деңгейде жүргізілу керектігі айтылды. Тапсырма уақытылы берілмейді. Бағалары уақытылы қойылмайды. Күнделікті баға қою керек. ТЖБ, БЖБ уақытылы қойылып отыру керек. Кемшілік жіберген мұғалімдеріне ескерту жасады.

4-мәселе бойынша мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Е.Алтаев хабарлама жасады.

- ✓ Мектептегі 10 кабинет ақылы. Қалған кабинеттер ақысыз. Кабинет дизайны оқушылардың физикалық жайлылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуі қажет. Үстелдер мен орындықтардың биіктігі дұрыс болу керек, сондай-ақ барлық жиһаздар мен жабдықтар қауіпсіз болуы тиіс.

5-мәселе бойынша мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Е.Алтаев хабарлама жасады.

- ✓ Әр пән кабинеті өз тақырыбына және оқу бағдарламасына сәйкес құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілуі керек. Құрал-жабдықтар мен оқыту материалдарының жеткілікті болуы. Кабинетте қажетті оқу құралдары, техникалық құралдыр (компьютер, интерактивті тақта, мультимедиялық жабдықтар) және оқу әдебиеттері болу керек.

6-мәселе бойынша мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Е.Алтаев хабарлама жасады.

- ✓ Онлайн платформалар арқылы оқушылар бір-бірімен пікір алмасып, топтық жұмыстарды ұйымдастыруға мүмкіндіктер алады. Мұғалімдер мен оқушылар арасындағы кері байланыс да цифрлық құралдар арқылы жүзеге асырылады, бұл оқушылардың білімін толықтыруда маңызды рөл атқарады.

7-мәселе бойынша мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Е.Алтаев хабарлама жасады.

- ✓ Үлгерім төмен оқушылармен жұмыс жүргізу үшін ең алдымен олардың білім деңгейі мен күшті, әлсіз тұстарын анықтау қажет. Диагностикалық тесттер мен тапсырмалар қолдану. Әр оқушының нақты пән бойынша қиындықтарымен танысу. Мұғалімдер мен психологтар, ата-аналармен сөйлесіп, оқушының жеке жағдайын түсіну.

8-мәселе бойынша мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Е.Алтаев хабарлама жасады.

- ✓ Баланың өзін-өзі бағалау және өз-өзіне деген сенімділік. Баланың өзін –өзі бағалауы мен өзіне деген сенімділігі көбінесе отбасындағы қарым –қатынастың нәтижесі болып табылады. Егер ата-ана балаға қолдау көрсетіп, оның күш-жігерін мойындаса, бала өз күшіне сеніп, өзін бағалауды үйренеді.

Жоғарыдағы мәселелерге тоқтала келе әдістемелік кеңес отырысы шешім шығарды.

Шешім:

1. Оқушылардың білімдеріндегі олқылықтарды жою жұмыстарының жүргізілуі туралы қанағаттанарлық деп табылсын. Хабарламашы: Е.Алтаев
2. «Оқуға құштар мектеп» жаңа жобасының мектеп кітапханасында іске асырылуы жоғары деңгейде екендігі анықталды. Хабарламашы: Қ.Ахаев
3. «BilimClass» жүйесі. Электронды журнал, электронды күнделік, құжаттардың жүргізілсін. Хабарламашы: Е.Алтаев
4. Оқу кабинеттерінің талапқа сай жүргізілсін. Хабарламашы: Е.Алтаев
5. Арнайы жабдықталған химия, физика, информатика кабинеттеріндегі сарамандық жұмыстардың орындалу оқыту жұмыстары өз деңгейінде жүргізілсін. Хабарламашы: Е.Алтаев
6. Мектепте пәндерді оқытуда оқытуда цифрлық платформалар арқылы оқушылардың прогресін бақылап, олардың білім деңгейін оңай бағалауға мүмкіндік алады. Хабарламашы: Е.Алтаев.
7. Үлгерімі төмен оқушылармен жүргізілген жұмыстардың барысы, қорытындысы мен сапасын қанағаттанарлық деп табылсын. Хабарламашы: Е.Алтаев.
8. Отбасындағы қарым-қатынастың бала психологиясына әсері мен түзету жолдары туралы жұмыс ары қарай жүргізілсін. Хабарламашы: Н.Сулейменов

Әдістемелік кеңес жетекшісі:



Е. Алтаев